

Сабақтың тақырыбы:

Орманды дала және дала зоналары



СЫНЫБЫ: 8 «б»

Топқа бөліну:

- 1 топ: «Білім»
- 2- топ: «Биігіне»
- 3-топ: «Өрлейміз»



Жаңа материалды меңгеру:


1. «Bilimland.kz» порталының ақпараттық ресурстарымен танысу:
 - «Орманды дала және дала зоналары» тақырыбы, бейнематериал.
2. Электрондық оқулықтан «Орманды дала зонасы» және «Дала зонасы» тақырыптарымен танысу.

Картамен жұмыс

- **1-топ:** Картадан орманды дала және дала зоналарының аумағына қандай табиғи нысандар (таулар, ойпаттар, қыраттар, үстірттер, т.б.) кіретінін анықтау.
- **2-топ:** Зоналарға тән өсімдіктер мен жануарларды анықтау.
- **3-топ:** Зонаның өзендері мен көлдерін анықтау.

Табиғат зонысы	Зона аумағындағы табиғи нысандар	Зонаға тән өсімдіктер	Зонаға тән жануарлар
Орманды дала	Батыс Сібір ойпаты, Жалпы Сырт қыраты	Қайың, көктерек, емен, жөке, қандыағаш, тал, долана, итмұрын, қарақат, боз, бетеге, бидайық, сәбізшөп, беде, бұршақ, тошала, т.б	Бұлан, Сібір еліктері, ондатр, сусар, түлкі, қасқыр, тиін, ақ құр, ақ тұмсық қарға, тоқылдақ, көкек, сұңқар, күйкентай, бұлдырық, бөдене, қояндар, саршұнақ, сұр тышқан, ақкіс, қамыс құладыны, шәуілдек, сұр тырна
Дала	Мұғалжар тауы, Торғай үстірті, Сарыарқаның солтүстігі, Орал алды(Жем) үстірті, Каспий маңы ойпатының солтүстігі	Боз, бетеге, еркекшөп, қаңбақ, бидайық, қылқансыз арпабас, қияқ, шалғынды қоңырбас, жанаргүл, шайшөп, дәрілік валериан, құрақ, т.б.	Саршұнақ, қосаяқ, дала тышқандары, дала алақоржыны, суыр, күзен, ақкіс, түлкі, ақбөкен, қарсақ, түлкі, дуадақ, қасқыр, дала бүркіті, дала құладыны, кезқұйрық, аққұтан, сүңгуір, гагара, турпан, крохаль, қаз, үйрек, тырна, т.б.

Көзге арналған сергіту жаттығуы



«Географиялық касса» ойыны.

- Тақырыпқа қатысты суреттер, ұғымдар, сөздер, түсініктерді, суреттерді кестеге жапсыру.
- Топтар басқа топтардың оқушыларының жұмысын тексеріп, бағалайды.

Сұрақтар	Жауаптар
Дала зонасының аумағы	77 млн га
Орманды дала зонасының аумағы	0,4 %
Дала зонасының көлдері	Теңіз, Қорғалжың, Құсмұрын
Орманды дала зонасының қорықшалары	Дуброва, Мамлют
Дала зонасының қорықтары	Қорғалжың, Наурызым
Орманды дала мен дала зоналарының ұқсастықтары неде?	Ортақ өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің мекен етуі
Дала зонасының климаты қандай?	Континентті
Дала зонасы батыстан шығысқа қарай қанша км-ге созылып жатыр?	2200 км
Орманды дала мен дала зонасының жануарларын тауып, жапсырыңыз.	

Ақпараттық сандық ресурстармен ЖҰМЫС

- **1-топ:** «I- test» интернет ресурсындағы тақырыпқа байланысты тест тапсырмалары.
- **2-топ:** «Bilimland.kz» интернет ресурсындағы тақырып соңындағы тесттер.
- **3-топ:** «Testmoz.com» интернет ресурсына қолмен енгізілген тақырыпқа байланысты тесттер.([Testmoz.com/1074521](https://testmoz.com/1074521))

«Брейн- ринг»

- Әр топқа жылдам сұрақтар беріледі.
- Барлығы 1 минут уақыт ішінде жылдам сұрақтарға жауап беру керек.
- Білмеген жағдайда келесі сұраққа ауысып кету қажет.
- Ең көп жауап берген топ жеңімпаз саналады.

Сұрақтар:

1. Орманды дала зонасының Қазақстанға қай бөлігі кіреді?
2. Орманды дала зонасы аумағында қандай табиғи нысандар бар?
3. Орманды дала зонасының алып жатқан аумағы?
4. Орманды дала зонасында қанша көл бар?
5. Жылдық орташа жауын- шашын мөлшері қанша?
6. Шілденің орташа температурасы қандай?
7. Қаңтар айының орташа температурасы?
8. Орманды даланың өзендері?
9. Орманды даланың топырағы?
10. Топырағының қарашіріндісі қанша см және неше пайызға жетеді?
11. Орманды дала зонасының дала зонасымен ұқсас өсімдіктері?
12. Жалпы Сырт қыратының орманды дала зонасында өсетін ағаштар?
13. Батыс Сібір ойпатының орманды дала зонасында өсетін ағаштар?
14. Орманды дала зонасындағы бұталы өсімдіктер?
15. Орман шетінде өсетін жидек жемісті өсімдіктер?
16. Орманды дала зонасындағы солтүстік ормандарынан келген ірі сүтқоректілер?
17. Орманды дала зонасы қандай мақсатта пайдаланылады?
18. Орман құстарын атаңдар?
19. Дала зонасының алып жатқан аумағы?
20. Дала зонасы аумағына кіретін табиғи нысандар?
21. Дала зонасы Қазақстан аумағының неше пайызын алып жатыр?
22. Дала зонасының орташа жылдық жауын шашын мөлшері қандай?
23. Дала зонасының қаңтар айының орташа температурасы?
24. Шілде айының орташа температурасы?
25. Дала зонасының өзендері?
26. Дала зонасының топырағы?
27. Дала зонасы қандай мақсатта игерілген?
28. Дала өсімдіктері қандай тұқымдасқа жатады?
29. Дала зонасының кеміруші жануарлары?
30. Дала зонасының дәрілік өсімдіктері?
31. Дала зонасының ірі құсы?(салмағы 16 кг)
32. Дала зонасында үйір -үйір боп жүретін шапшаң жүіретін аң?
33. Дала зонасындағы суда жақсы жүзетін құстар?
34. Дала зонасындағы терісі бағалы аңдар?
35. Орманды дала мен дала зоналарының басты ұқсастықтары?

Сергіту сәті:

«Антоним атаулар» ойыны

1. Шөптесін орман –
2. Мысыққұлақ-
3. Бірқол-
4. Кофеағаш-
5. Жасылқұлақ-
6. Әйелағаш-

Кері байланыс

«Сұрақтары бар қорап»



Критериалды бағалау

(+) таңбасын қою

Оқушы _____

Дескрипторлар:	Егер барлығы толық орындалса- 3 ұпай	Тапсырмалар жартылай орындалса- 2 ұпай	Бұл тапсырманы орындауға мүлдем қатыспаса- 1 ұпай	Қорытынды ұпайы
Карта бойынша дұрыс анықтаулар жүргізуі				
Барлық сұрақтарға нақты, дұрыс жауап беруі				
Тапқырлығы				
Тест сұрақтарына дұрыс жауап беруі				
Шапшаң сұрақтарға қатесіз жауап беруі				

Бағалау шкаласы

Ұпай саны	бағасы
13-15 ұпай	«5»
10-12 ұпай	«4»
7-9 ұпай	«3»

Үйге тапсырма:

1. §35 оқу.
2. Кескін картаға орманды дала зонасын қою жасыл түспен, дала зонасын ашық жасыл түспен бояп түсіру.
3. Зонаға тән өзендер мен көлдердің аттарын жазу, қорғауға алынған аумақтарды белгілеу.